

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ
КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ НЫҒАЙТУ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының **БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ
25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҒЫРТУ
ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ НЫҒАЙТУ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции

**«ФОРМИРОВАНИЕ И УКРЕПЛЕНИЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН
ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
СЛУЖАЩИХ В СВЕТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 25 -ЛЕТИЮ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

PROCEEDINGS

Of the International Scientific and Practical Conference

**«FORMATION AND STRENGTHENING OF THE PROFESSIONAL LEGAL
CULTURE OF PUBLIC SERVANTS IN THE REPUBLIC KAZAKHSTAN IN
LIGHT OF MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS»
DEDICATED TO THE 25TH ANNIVERSARY OF
THE CONSTITUTION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ
25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ
ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ НЫҒАЙТУ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
«ФОРМИРОВАНИЕ И УКРЕПЛЕНИЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН
ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
СЛУЖАЩИХ В СВЕТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 25 -ЛЕТИЮ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**PROCEEDINGS
Of the International Scientific and Practical Conference
«FORMATION AND STRENGTHENING OF THE PROFESSIONAL LEGAL
CULTURE OF PUBLIC SERVANTS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN LIGHT
OF MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS»DEDICATED TO THE 25TH
ANNIVERSARY OF THE CONSTITUTION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

1 сентября 2020, Нур-Султан

УДК 347
ББК 67.404
Қ 18

Редакционная коллегия:

Главный редактор: *Абдрасулов Е.Б.*

Члены редакционной коллегии: *Нурмуханов Б.М., Нургазинов Б.К., Женисов С.К., Жумагулов Д.М.*

Қазақстан Республикасының Конституциясының 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасында қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құқықтық мәдениетін қалыптастыру және нығайту»** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының баяндамалар жинағы – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020. – 373 б.

Сборник материалов международной научно-практической конференции **«Формирование и укрепление в Республике Казахстан профессиональной правовой культуры государственных служащих в свете модернизации общественного сознания»**, посвященной 25 -летию Конституции Республики Казахстан – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020. – 373 с.

Proceedings of the international scientific and practical conference **«Formation and strengthening of the professional legal culture of public servants in the Republic of Kazakhstan in light of modernization of public consciousness»** dedicated to the 25th anniversary of the Constitution of the Republic of Kazakhstan - Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020. – 373 p.

ISBN 978-601-337-398-0

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының баяндамалар жинағында Қазақстан Республикасындағы қоғамдық сананы жаңғыртудың жалпы тенденциялары мен заңдылықтарын ескере отырып, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін көтеру жолдарына қатысты өзекті мәселелер, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің халқына қызмет көрсетудің шетелдік тәжірибесі бойынша өзекті мәселелер қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные вопросы, касающиеся путей совершенствования правовой культуры государственных служащих с учетом общих тенденций и закономерностей модернизации общественного сознания в Республике Казахстан, включая зарубежный опыт служения народу государственного аппарата.

Proceedings of the international scientific and practical conference discusses topical issues related to ways to improve the legal culture of civil servants, taking into account General trends and patterns of modernization of public consciousness in the Republic of Kazakhstan, including foreign experience in serving the people of civil servants.

УДК 347
ББК 67.404

ISBN 978-601-337-398-0

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020

СОДЕРЖАНИЕ

Абдрасулов Е.Б.		Предисловие к материалам научно-практической конференции	9
		ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ	
1	Сыдыков Е.Б.	ОТКРЫТИЕ КОНФЕРЕНЦИИ	11
2	Мами К.А.	ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО УЧАСТНИКАМ КОНФЕРЕНЦИИ	13
3	Рогов И.И.	ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО УЧАСТНИКАМ КОНФЕРЕНЦИИ	15
4	Сарпеков Р.К.	ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО УЧАСТНИКАМ КОНФЕРЕНЦИИ	17
5	Сабикенов С.Н.	КОНСТИТУЦИЯ РК КАК ПОЛИТИКО-ПРАВОВАЯ ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ И УКРЕПЛЕНИЯ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ	19
6	Шапак У.	КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІ	20
7	Рысбекова Ж.К., Таскужин Т.Ж.	НАУЧНАЯ АНТИКОРРУПЦИОННАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ	25
8	Fryderyk Zoll	THE ROLE OF THE GERMAN LAW STATE CLERKS LAW IN THE FUNCTIONING OF THE MODERN STATE – A MODEL FOR THE REFORMING STATES?	29
9	Кунтуов Н.Ж.	РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАҢА ЖАҢАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР	34
10	Глушаченко С.Б., Агеева Е.А.	НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПРАВОВОГО СОЗНАНИЯ В СОВРЕМЕННОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	37
11	Нургазинов Б.К.	КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ В РК	44
12	Ranych Nazar	„СЛУЖИТЬ ВСЕМУ НАРОДУ...“- ЧИНОВНИЦЫ, ЧИНОВНИКИ И СИСТЕМА ЮСТИЦИИ В НЕМЕЦКОМ ПРАВЕ	50
13	Nicolas Hayoz	CORE ASPECTS OF THE SWISS PUBLIC ADMINISTRATION: RULE OF LAW, EFFICIENCY, TRUST	60
14	Рябцева Е.В.	ФОРМИРОВАНИЕ АНТИКОРРУПЦИОННОГО ПРАВОСОЗНАНИЯ СУДЕЙ И РАБОТНИКОВ АППАРАТА СУДА: ОПЫТ РФ.	67

СЕКЦИОННЫЕ ДОКЛАДЫ

СЕКЦИЯ 1

КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ УКРЕПЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ В СВЕТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

15	Абдрасулов Е.Б.	ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА В СИСТЕМЕ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ОБЩЕСТВА	71
16	Абдрасулова А.Е.	ПРАВОПРИМЕНИТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС В СИСТЕМЕ ЮРИДИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА И МЕХАНИЗМЕ ПРАВОРЕАЛИЗАЦИИ	75
17	Абдрасулова Г.Э., Онланбекова Г.М.	ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА В СИСТЕМЕ ОБЩЕЙ КУЛЬТУРЫ И ЦИВИЛИЗАЦИИ	78
18	Агеева Е. А., Максина С.В.	ПРАВОСОЗНАНИЕ И ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	82
19	Адилмуратова Р.А.	ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ПЕРЕВОДЧИКА КАК УЧАСТНИКА СУДЕБНОГО ПРОЦЕССА	86
20	Аханова С.М.	ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНДАҒЫ ТҮЛҒА МӘРТЕБЕСІ	91
21	Ахметов Е.Б.	ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ И ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	95
22	Ашигалиев Р.П.	"ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ НАУЧНОГО ИССЛЕДОВАНИЯ: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННО-АДМИНИСТРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН"	99
23	Бажай Хуандаг	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРДІХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІРҮ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРІБЕ	106
24	Губайдуллин М.Г.	ЖЕТІ ЖАРҒЫ» ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СОТ ӘДІЛЕТТІЛІГІНІҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕСКЕРТКІШІ	112
25	Губайдуллин М.Г.	ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ САНА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ, ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАЛАРҒА ӘСЕРІ	116
26	Жармаханбетова Б.А.	АЗАМАТТАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НОРМАТИВТІК МАЗМҰНЫ	120
27	Жадауова Ж.А.	О НЕКОТОРЫХ АСПЕКТАХ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ	127
28	Женисов С.К.	СУДЬЯЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ СОТ ТӨРЕЛІГІ САПАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕ	131
29	Жумагулов Д.М.	СУЩНОСТЬ, ФУНКЦИИ И НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫЕ РЕГУЛЯТОРЫ ФОРМИРОВАНИЯ	

		ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ	135
30	Жумагулов М. И.	ПОВЫШЕНИЕ ПРАВОВОГО СОЗНАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ И ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ В УСЛОВИЯХ ВВЕДЕНИЯ ЧРЕЗВЫЧАЙНОГО ПОЛОЖЕНИЯ	142
31	Ибрагимов Ж.И.	КОНСТИТУЦИЯ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ	146
32	Кайжакпарова А.Б.	К ВОПРОСУ О ФОРМИРОВАНИИ, РАЗВИТИИ И СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ИНСТИТУТА МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	150
33	Кусаинов А.А.	НОРМАТИВНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ МИГРАЦИИ МОЛОДЕЖИ	157
34	Кысыкова Г.Б.	К ВОПРОСУ О ПРАВОВЫХ ПРОБЕЛАХ РЕГЛАМЕНТИРОВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО КОНТРОЛЯ СФЕРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ	159
35	Қамал А.Қ., Сактаганова И.С.	ГОСУДАРСТВЕННО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ПЕНСИОННОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ	164
36	Мырзатаев Н.Д.	БІЛІМ САЛАСЫН РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ	168
37	Нурмагамбетова С.Б.	ПРОБЛЕМЫ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	172
38	Сактаганова И.С.	ВЛИЯНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ «ЦИФРОВОГО КАЗАХСТАНА» ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКИМОВ СЕЛЬСКИХ ТЕРРИТОРИЙ	175
39	Темиржанова Л.А.	АКТ АМНИСТИИ: ЗАДАЧИ И ПЕРСПЕКТИВЫ	181
40	Толуханова Г.А.	ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА В СИСТЕМЕ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ОБЩЕСТВА	184
41	Төлеубеков А. Т., Шаукентаев Ж.К.	СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ РАЗВИТИЯ УПРАВЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ РАЗВИТИЕМ ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО	189

СЕКЦИЯ 2

ЧАСТНОПРАВОВЫЕ НАЧАЛА КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

42	Т.М.Abaydeldinov, А.В. Zhumabayeva	QUESTIONS OF AN EMPLOYMENT CONTRACT IN KAZAKHSTAN AND THE EEU'S STATES.	194
43	Ахметжан Л.З.	КОНСТИТУЦИОННЫЕ ОСНОВЫ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДЕМОКРАТИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	200
44	Бердиярова Ж.С.	ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ	205
45	Галиакбарова Г.Г.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	209
46	Джунисбекова Л.М.	ГАРМОНИЗАЦИЯ И УНИФИКАЦИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В ЕВРАЗИЙСКОМ ЭКОНОМИЧЕСКОМ СОЮЗЕ – ВЕЛЕНИЕ ВРЕМЕНИ	211
47	Жаркенова С.Б.	КОНСТИТУЦИОННЫЕ ГАРАНТИИ ТРУДОВЫХ ПРАВ ГРАЖДАН	216
48	Жумагулов Д.М.	ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ОГРАНИЧЕННЫХ ВЕЩНЫХ ПРАВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ	221
49	Ихсанов Е.У.	КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – ОСНОВА ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ОТНОШЕНИЙ СОБСТВЕННОСТИ	226
50	Крецу В.А.	КОНСТИТУЦИОННЫЕ ЭЛЕМЕНТЫ ЗАКОННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ГРАЖДАНСКОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА В РЕСПУБЛИКЕ МОЛДОВА	229
51	Курбанова Д.К.	НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ СДЕЛОК С НЕДВИЖИМОСТЬЮ	234
52	Молдабеков Е.Б.	ВОПРОСЫ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ	239
53	Мукашева А.А.	ПРОБЛЕМЫ ВЕЩНЫХ ПРАВ НА ЗЕМЛЮ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ КРИЗИСА ЗЕМЕЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	243
54	Нургалиева Е.Н.	КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО РАБОТНИКОВ НА ЗАКОННУЮ ЗАБАСТОВКУ	248
55	Оспанова Б.А.	ЗАЩИТА ИНДИВИДУАЛЬНЫХ ТРУДОВЫХ ПРАВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.	253

СЕКЦИЯ 3

КОНСТИТУЦИЯ РК И АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ОБЩЕУГОЛОВНОЙ ПРЕСТУПНОСТИ

56	Адилова Д.	ВИКТИМОЛОГИЧЕСКАЯ ПРОФИЛАКТИКА ПРАВОНАРУШЕНИЙ НАСИЛЬСТВЕННОГО ХАРАКТЕРА	257
----	------------	---	-----

57	Баймолдина С.М.	УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ МЕДИЦИНСКИХ РАБОТНИКОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	261
58	Балмагамбетов А.С.	ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН- ОСНОВА НЕЗЫБЛЕМОСТИ КОНСТИТУЦИОННОГО СТРОЯ	266
59	Жакупов Б.А., Майлыбаева Н.Б., Исетова Ж.М., Сагандыкова А.А.	СУДЕБНОЕ ПРОИЗВОДСТВО И ДОСУДЕБНОЕ РАССЛЕДОВАНИЕ: НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СООТНОШЕНИЯ ВИДОВ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	269
60	Исмагулова Д.М.	МОЛЕКУЛЯРНО-ГЕНЕТИЧЕСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРИ РАССЛЕДОВАНИИ ИЗНАСИЛОВАНИЙ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ	273
61	Капалбекова А.Е.	ПСИХОЛОГИЯ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ В МЕХАНИЗМЕ ПРЕСТУПНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	278
62	Каржаубаев С.С.	КОНСТИТУЦИОННЫЕ ПРИНЦИПЫ УГОЛОВНО- ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЫ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ ОТ НАСИЛИЯ В СЕМЕЙНО-БЫТОВОЙ СФЕРЕ	283
63	Ким К.В.	КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО НА ПОЛУЧЕНИЕ КВАЛИФИЦИРОВАННОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ	287
64	Мергембаева Н.Б.	УГОЛОВНО ПРОЦЕССУАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА В СИСТЕМЕ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ТЕРРОРИЗМУ И РЕЛИГИОЗНОМУ ЭКСТРЕМИЗМУ	291
65	Муратханова М.Б.	МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ САЛАЛАРЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ ДЕТЕРМИНАНТТАРЫ	296
66	Рақымбаева М.Қ., Муратханова М.Б.	АДАМДЫ ӨЗІН-ӨЗІ ӨЛТІРУГЕ ДЕЙІН ЖЕТКІЗУДІҢ АДАМ ӨЛТІРУДЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ	300
67	Рахметов С.М.	О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ УГОЛОВНОГО ПРАВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, РЕГУЛИРУЕМЫХ НОРМАМИ КОНСТИТУЦИИ	302
68	Сартаева Н.А. Нурлумбаева Л.Е.	ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО О ПРОФИЛАКТИКЕ ПРАВОНАРУШЕНИЙ В СЕМЕЙНО-БЫТОВОЙ СФЕРЕ: ОПЫТ СТРАН СОДРУЖЕСТВА НЕЗАВИСИМЫХ ГОСУДАРСТВ	306
69	Скаков А.Б.	О ТЕНДЕНЦИЯХ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ИСПОЛНЕНИЯ НАКАЗАНИЙ ПО ПРОГРЕССИВНОЙ СИСТЕМЕ	314
70	Сматлаев Б.М.	РОЛЬ ОРГАНОВ ПРОКУРАТУРЫ В СТАНОВЛЕНИИ И УКРЕПЛЕНИИ КОНСТИТУЦИОННОГО СТРОЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	322
71	Тұрсынбек А.А.	ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАК ОДИН ИЗ ОСНОВОПОЛАГАЮЩИХ ПРИНЦИПОВ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ЭПОХУ РАЗВИТИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ	325

СЕКЦИЯ 4
КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО

72	Абаева Х.А.	ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОСМИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ	329
73	Маммадов Р.Э.	КОНСТИТУЦИОННЫЕ ГАРАНТИИ ПРАВ МИГРАНТОВ КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ МЕЖДУНАРОДНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА	333
74	Ойнарова А.А.	ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ В СТРАНАХ ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА	341
75	Панов С.К.	МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ЗАЩИТЫ КОНСТИТУЦИОННЫХ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА НА ПРИМЕРЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И СПЕЦИАЛЬНЫХ ПРОЦЕДУР ООН	344
76	Сарсембаев М.А.	25-ЛЕТИЕ КАЗАХСТАНСКОЙ КОНСТИТУЦИИ 1995 ГОДА, ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА И МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО	348
77	Сарсенова С.Н.	ЖАПОНИА МЫСАЛЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ	356
78	Тлепина Ш.В.	ТЕНДЕНЦИИ И ЧЕРТЫ РАЗВИТИЯ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА В XX ВЕКЕ	359
79	Тлепина Ш.В.	ИСТОРИКО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ УТВЕРЖДЕНИЯ КОНСТИТУЦИОННОГО КОНТРОЛЯ В КАЗАХСТАНЕ	363
		РЕКОМЕНДАЦИИ УЧАСТНИКОВ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО- ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ	371

обеспечить выход Республики Казахстан из создавшейся сложной экономико-социальной ситуации.

Список использованной литературы

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 23.03.2019 г.) [электронный ресурс] https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005029 (дата доступа: 01.08.2020)
2. О профессиональных союзах [электронный ресурс] Закон Республики Казахстан от 27 июня 2014 года № 211-V ЗРК. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000211> (дата доступа: 03.08.2020)
3. Якокка Л. Карьера менеджера: пер. с англ. при участии У. Новака Л. Якокка. М.: Прогресс, 1991. - 264 с.
4. Кестер Г. Ответственность профсоюзов: без участия рабочих нет демократии. Материалы международного симпозиума. М.: ИЭ РАН, - С. 59
5. Симмонс Д. Как стать собственниками. Американский опыт участия работников в собственности и управлении Д. Симмонс, У. Мерс: пер. с англ М.: Сирин. 2018. - 324 с.
6. Развитие производственной и представительных форм экономической демократии: опыт и проблемы. Институт экономики правовых исследований НАН Украины. Мамутов В.К. (науч.ред.) и др. Киев, 2000. - 664 с.
7. Лютов Н.Л. Производственные советы на предприятиях (опыт развитых стран Европы) Н.Л. Лютов // Журнал «Труд за рубежом». № 12 (29). - С. 26-32
8. Савельев Е.В. Соадминистрирование: немецкая система участия трудящихся в управлении / Е.В. Савельев Человек в социально экономической системе: материалы международного симпозиума. М.:ИЭ РАН, 1992. - С. 33-42
9. Типы социальной политики: концепции, практика / В.Э. Бурджалов, К.В.Гришин, З.Я.Сванидзе, И.В. Соболева// Общество и экономика. № 2 (66). 2019. - С. 75-77
10. Рыжиков Н.С. Зарубежный опыт участия работников в управлении собственностью и производством / Н.С. Рыжиков, Н.В. Чернышева, С.Н. Грибкова: материалы, международного экономического форума. 2012. [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://be5.biz/ekonomika1/r2012/1370.htm> (дата доступа: 15.08.2020)

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Бердиярова Ж.С.

заң ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің заң факультеті
азаматтық, еңбек және экологиялық құқық кафедрасының доценті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(zhamilka85@mail.ru)

Аннотация

Мақалада құқықтық мемлекеттегі Конституцияның маңызы мен мазмұндық тұстары ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар, құқықтық мемлекеттегі заң үстемдігінің ерекшеліктері талданып, жан жақты зерттелінеді.

Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларын қазақстандық құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуына, қоғамның құқықтық санасын арттыруға, қоғамның құқықтық тәрбиесін көтермелеуге ісінде қолдануға болады.

Тірек сөздер: құқықтық мемлекет, заң үстемдігі, Конституция, мемлекет, мемлекеттік орган, мемлекеттің қызметі

Заңның үстемдігі ұғымы құқықтық мемлекет ұғымымен және тәжірибесімен тығыз байланысты.

Ғылыми әдебиеттерде заң үстемдігі құқықтық мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі ретінде танылады.

Құқықтық мемлекетке тән белгілер өте көп, бірақ соның ішінде Конституцияның және өзге заңдардың үстемдігінің алатын орны ерекше. «Құқықтық мемлекет» термині әлем мемлекеттерінің заманауи демократиялық конституцияларының көбісінде көрініс тапқан. Мұнда әрқашан заңның үстемдігі идеясы көрінеді.

Негізінен, заманауи конституцияларда бекітілген құқықтық мемлекет идеясы, сол конституцияның жоғары екендігін, үстем екендігін көрсетеді.

Конституция сөзі латын тілінен аударғанда “constitutio” – “бекітемін, белгілеймін, қаулы етемін” дегенді білдіреді. Байырғы кездерде римдік императорлар шығарған кейбір заңи актілерді конституция деп атаған.

Бүгінгі таңда конституцияға келесідей түсінік беріледі. Конституция бүкіл халықтың не қоғамның бір жекелеген әлеуметтік топтардың еркімен мүдделерін білдіретін және маңызды қоғамдық құрылыс пен мемлекеттік негізді бекітетін мемлекеттің негізгі заңы болып табылады.

Кеңес өкіметі конституцияларында құқықтық мемлекет, заңның үстемдігі терминдері қолданылмаған.

Қазақстанда құқықтық мемлекет идеясы алғаш рет қазіргі кезде қолданымдағы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапты. ҚР Конституциясының 1-бабының 1 тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»[1] - делінген.

Еліміздің Конституциясында - Конституция мен өзге құқықтық актілердің үстемдігі жайлы айтылған. Мысалы, 4-баптың 1-тармағында: «Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады» [1] - делінген.

Әрине, Конституцияның бұл нормасы тікелей заң үстемдігін бекітпесе де, Конституция ережелерінің қолданымдағы құқық екендігін және оның мемлекет аумағындағы басымдығын білдіріп тұр. Сонымен қатар Конституция мен заңдардың үстемдігін көрсетіп тұр.

Сонымен, осы заманғы конституциялық құқық құқықтық мемлекет идеясын жариялап, оның маңызды қағидасы болып танылатын құқықтың, құқықтық заңның үстемдігін бекітіп отыр.

Конституциялық құқық ғылымында халықаралық құқық нормаларының ішкі заңдардан басымдығы туралы ереже қалыптасқан. Мысалы, ҚР Конституциясының 4-бабының 2-тармағында: «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады.» [1] - делінген.

Конституция мемлекеттің негізгі заңы бола тұра, елдің басқа да заңдары мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерге бастау болып табылады. Конституция өзінің мәні бойынша қоғамның негізгі тіршілік мүдделерін білдіріп, бекітеді. Конституция осылай қоғам мүдделерін білдіруі ол оның әлеуметтік мәнін білдіреді.

ҚР қолданымдағы Конституциясы, оның маңызы мен мазмұны, сипаттамасы отандық заңгер ғалымдармен зерттеуге алынып, терең талқыланған. Соның бірі Ғ.С. Сапарғалиев өз еңбектерінде былай тұжырымдайды: “Конституция Қазақстан халқымен қабылданған. Сондықтан да оның мәнін сипаттайтын халықтың еркі баянды етіледі. Сол себептен де халықтың ҚР Конституциясын жасаушы ретінде танылуы, оның мәндік өзгешелігін көрсетеді [2, 32 б.].

ТМД елдерінің конституциялық реформаларында қоғамдық құрылысты түпкілікті жаңартатын және олардың конституцияларында әлемдік қауымдастықта жалпыға танылған демократиялық қағидаттар орын алған. Сайып келгенде конституцияларда мемлекеттану мен конституциялық теорияның барлық ғылыми мәселелері орын алады.

Конституция мемлекеттің құқықтық жүйесінің өзегі және оның басты нормативтік қайнар-көзі болып табылады. Ол қоғамдық қатынастарға мақсатқа сай ықпал ету құралы, саяси жүйенің барлық буындарының келісімін қамтамасыз етудің маңызды шарты және заңдылық пен құқықтық тәртіп режимінің кепілі болып қызмет етеді. Сондықтанда шығар өзінің табиғаты жағынан Конституция келісімнің нәтижесі.

Кеңес Одағы ыдырағанға дейін одактас республикалардың конституциялары құқықтық сатының ортасында болды, республикалардың конституциялары КСРО Конституциясынан төмен тұрды және соның аясында қабылданды. Ал, енді қазіргі кезде посткеңестік конституциялар шын мәнінде елдің негізгі заңына айналды.

Посткеңестік конституцияларда ТМД елдерінде болып жатқан ауқымды қоғамдық қайта құрулар, қоғамды ұйымдастыруды жетілдірумен байланысты әлеуметтік үдерістер, экономиканың нарықтыққа өтуі, адам мен азаматтың құқықтарын тиімді реттеуді көтермелеу көрініс тапты.

Қазіргі кезде демократиялық құндылықтарды бекітетін конституциялар мыналарды танып, кепілдік береді:

- адамның ең жоғары құндылық екенін тану қағидатына;
- биліктің халықтың қолында шоғырлануына;
- биліктің бөлінуіне;
- құқықтық мемлекеттің болуына,
- құқық пен заң үстемдігінің болуына;
- саяси және идеологиялық көпшіліктің болуына;
- меншік нысандарының көптігіне және т.б.

Конституция мемлекеттік биліктің зайырлы және әлеуметтік сипатын да көрсетеді.

Конституция халықтың егемендігін, конституциялық құрылыс негізін, адами мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, билікті іске асыру тетіктерін бекітеді.

Конституция – құқықты үстем ететін, билікте бастылықты жоятын, бағыныштылардың әлсіздігін жоққа шығаратын құқықтық мемлекеттің ең алғашқы қажетті әрі маңызды шарты болып табылады. Халық мемлекеттік биліктің жалғыз бастауы болып табылады.

Қазіргі Конституция мемлекеттің негізгі заңы бола тұра, құқықтық жүйенің ажырамас бөлігі болып танылады және құқықтық жүйені қалыптастырудың негізгі белгісі мен қағидаттарын бекітеді.

Конституция мемлекеттің негізгі заңы ретінде барлық қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің негізі болып табылады. Конституцияның құқықтық реттеудің арнайы заты мен сипатын қарастыруды көздейтін нормативтілігінің жоғары деңгейде болуы, оның ерекше заңдық табиғатын ашады.

Конституцияның мәні қоғамның барлық мүшелерінің бір ымыраға келуі мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген Қазақстан халқының еркі мен мүдделерін жоғары заңды тұрғыдан бекітуді қамтиды. Конституция ғана барлық қоғамдық қатынастарды реттеу сипатына ие болып табылады. Басқа нормативтік құқықтық актілерден Конституцияның бір ерекшелігі осында. Конституция қоғамның барлық салаларын қамтиды, атап айтқанда саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани және т.б. Конституция өзінің ерекше заңи күшін анықтайтын жалғыз ұлттық нормативтік құқықтық акт болып табылады.

Ешбір заң Конституциямен тең емес. Конституция адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бекітетін негізгі заң.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы Конституцияның нормалары жеке адамның қоғам мен мемлекеттегі орнын, құқықтарының жүзеге асырылуы, қорғалуы мен қамтамасыз етілуінің сипаттарын анықтайды.

Ішкі бірыңғайлығы және бағыттылығымен сипатталатын құқықтық нормалар жүйесі ретіндегі Қазақстан Республикасының Конституциясы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Жеке адамның бостандығы жалпы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бір бөлігі болып табылады. Конституция сонымен қатар, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін конституциялық нормалар мен адам құқығы саласындағы халықаралық-құқықтық нормаларымен тығыз байланыста болуына айрықша назар аударады.

Конституция нормалары заңдылық қағидасын бекіте отырып, ол жалпылық, әмбебаптық және міндеттеушілік сипатқа ие болады.

ҚР Конституциясында жоғары заң күшінің болуын келесідей етіп тұжырымдама жасауға болады:

- барлық Қазақстан Республикасының құқықтық актілері Конституциядан шығады және оған қарама-қайшы болмауы тиіс, егер заңдар Конституцияға қарама-қайшы келсе онда Конституция нормасы әрекет етіп, басым болады;

- Конституцияның халық пен ҚР Парламентінен басқа ешкім өзгерте және тоқтата алмайды;

- Конституция нормаларының орындалуы тек ҚР Конституциялық Кеңесімен ғана қамтамасыз етіле қоймайды, ол сонымен қатар сот және прокуратура органдарымен де қамтамасыз етіледі.

Елбасымыз қолданымдағы Конституция жайлы мынадай пікір айтады: «Конституция қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз еткен және қазірде қамтамасыз етеді, экономикалық даму үшін алғышарттар жасады.... Біз Конституцияның тұрақтығы-мемлекеттің тұрақты екендігі жайлы білуіміз керек» [3].

Еліміздің Конституциясы мемлекеттің негізі мен конституциялық құрылысты белгілей отырып ол адамдардың құқықтарымен бостандықтарын бекітіп отыр. Жеке адамның құқықтары мен бостандықтары маңызды құндылық болып табылады. Жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының және мүдделерінің мемлекет алдындағы басымдығы мәселесі осы заманда өзекті әрі маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Құқықтық мемлекеттің басты мақсаттарының бірі адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, іске асырылуы, қамтамасыз етілу мәселелері болып танылады. Құқықтық мемлекет қалыптастыру және қоғамдағы тұрақтылықты және бір тұтастықты қамтамасыз ету адамның құқықтары мен бостандықтарының сақталуының бірден-бір шарты болып табылады. Азамат Конституция нормаларын сақтауға және орындауға міндетті, заңға бағынуы керек, қоғам мен мемлекет алдындағы міндеттерді орындауы қажет.

Конституцияның іргелілігі ағымдағы ұлттық заңнамаларға негіз және құқықтың басқа да қайнарларының дамуына ықпал ету құралы болып табылады. Конституцияда ғана адам мен азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары бекітілген.

Конституция – жеке адам, қоғам және мемлекет үшін өмірлік маңызы жоғары әлеуметтік мәні бар құқықтар мен бостандықтарының кепілі. Олар әрбір еркін жеке тұлғаның ар-намысын қамтамасыз етудің алғышарттары болып табылады. Ал бұлар болса азаматқа, қоғам мүшесі ретінде сол қоғамды басқаруға, жаңғыртуға қатысу үшін қажет. Сонымен бұлар адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін экономикалық және әлеуметтік жағдайлар туғызады. Мемлекет, қоғам үшін Конституцияда бекітілген құқықтардың маңызы сонда – олар мемлекеттің демократиялық, құқықтық мәнін жүзеге асыру қамтамасыз етеді [4, 122 б.].

Конституцияның тек өзі реттейтін ерекше объектісі бар. Оларға: қоғам мен мемлекеттік құрылыс, конституцияның құрылыс негіздерін белгілеу, жеке адамдардың құқықтық жағдайы, мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебесі жатады. Конституция қоғамдық маңызы бар, мемлекеттік құқықтық реттеу аясындағы қатынастарды реттейді.

Сонымен, Конституцияда жеке тұлғаның әлеуметтік, мемлекеттік жүйесінің және құқықтық мәртебесінің негіздері бекітіледі, осы негізде қоғамдағы барлық басқа қатынастар дамиды.

Құқықтық мемлекет идеялары және заңның жоғары рөлі қоғамда әрқашан мойындалған.

Құқықтық мемлекет идеясы адам мен қоғамның әділетті мемлекет туралы тұрақты қажеттіліктері мен идеяларын көрсетеді. Негізгі міндет - жалпы құқықтың, атап айтқанда заңнаманың жүйелі дамуында болып отыр.

Қорыта келгенде құқықтық жүйенің ортасы болып табылатын Конституцияның заңи құрылымының мынандай белгілерін атап көрсетуге болады:

- конституциялық нормалар мемлекеттегі құқықтың ең жоғары құндылығы, көрсеткіші болады. Құқықтағы барлық мәселелер конституциялық нормаларға сәйкес келуі тиіс.

- Конституция мәтініндегі құқықтық жүйенің негізгі құндылықтары -адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, тікелей немесе өкілді органдар арқылы іске асырылатын халық билігі, құқықтық мемлекет, саяси және идеологиялық көпшілік билік, биліктің бөлінуі, экономикалық қызметтің еркіндігі және меншік нысандарының теңдігі болып танылады. Бұл қағидаттарға ешқандай ережелер мен заңдар қайшы келмеуі тиіс.

- конституциялық нормалардың өздері қолданымдағы құқықтар болып танылады. Конституцияның мақсаты мен қағидалары болады, олар тікелей әрекет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жылы қабылданған. 10 наурыз 2017 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен // <http://adilet.zan.kz/>
- 2 Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. – Алматы, 1997. – 541 б.
- 3 Выступление Н.А. Назарбаева ко дню Конституции // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31437850#pos=3;-80
- 4 Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана, 2016. – 398 б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Галиакбарова Гузаль Газинуровна

PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
азаматтық, еңбек және экологиялық құқық кафедрасы доценті м.а.

galiakbarova_gg@enu.kz

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Мақалада Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқаруды цифрландырудың кейбір құқықтық аспектілері қарастырылады. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі цифрландыру процесінің ерекшеліктері, оның ішінде мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қол жетімділігін арттыру, сондай-ақ мемлекеттік басқаруда жаңа цифрлық сервистер мен технологияларды қалыптастыру аспектілері зерттелуде.

Түйінді сөздер: мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет, цифрландыру, құқықтық аспектілер.

Қазіргі кезде бүкіл әлемдік қоғамдастық азаматтардың әл-ауқаты мен елдердің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуде ерекше мәнге ие болатын қарқынды технологиялық даму, цифрландыру және жаңа «цифрлық» мәдениетті қалыптастыру дәуірінің табалдырығын аттап отырғалы тұр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында, цифрландыру – бұл сән үрдісін ұстану емес, ұлттық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізудің негізгі құралы деп айтқан болатын [1].

Осыған байланысты Қазақстанның экономикасы мен қоғамы, мемлекеттік басқару жүйесін қоса алғанда, цифрландырудың қазіргі заманғы жағдайларына бейімделу процесін бастап кетті.

Қазақстанның мемлекеттік қызметі – бұл салыстырмалы түрде жас құрылым, оның қалыптасу негізі 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік қызмет туралы» заң күші бар Жарлығында қаланды деп есептеуге болады. Бұл нормативтік құқықтық акт алғаш рет мемлекеттік қызмет жүйесін институттандырды, оны ұйымдастырудың негізгі қағидаттарын анықтады.

1999 жылғы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңының қабылдануы мемлекеттік қызметтің өзгеше қазақстандық моделін қалыптастыруға ықпал етіп, көптеген мәселелерді белсенді және сапалы түрде шешуге мүмкіндік берді.

2006 жылғы 12 сәуірде алғаш рет eGov.kz – ҚР электрондық үкіметінің веб-порталы іске қосылды. Бұл дегеніміз бірқатар міндеттерді шешуге мүмкіндік берді, атап айтқанда: